

Түркиядағы оқу-тәжірибелік сапар

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Өнер, мәдениет және спорт институтының 2-курс магистранттары 2018 жылдың қараша айының 05 мен 15 аралығында алғаш рет, Түркия мемлекетінің Стамбул қаласындағы ең көне және ең ірі университеттерінің бірі - Мармара университетіне оқу-тәжірибелік сапарға барып қайтты.



Мармара университетінің қабырғасында магистранттар Түркияның тарихы, мәдениеті, көркем өнері, саясаты, құқық жүйесі туралы доктор, профессорлар - Зекерия Башарслан, Мужде Аян, Мустафа Услу, Тулин Малкоч дәрістеріне қатысып, білімдерін нығайтты.



Оқу-тәжірибелік сапар барысында магистранттар 10 қараша күні Мармара университетінің алаңында Түркия Республикасының негізін қалаушы және оның тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүріктің қайтқан күніне орай еске алу шарасына қатысып, университеттің ректорымен сұхбаттасып, өз ойларымен бөлісті. Магистранттарымыз ректордың алдында ұлттық аспабымыз домбырамен ән салып, Түркия халқын бір таң қалдырды.



Стамбул Түркияның тарихы терең, Рим, Византия және Осман империяларының астанасы болған, ең үлкен және көне ескерткіштерге бай қала болып саналады. Магистранттар оқу-тәжірибе сапары барысында Айя София мұражай ғимараты, Сұлтан Ахмет мешіті («Көк мешіт» деп те аталады), Сүлейман мешіті, Базилик су қоймасы, Археологиялық мұражай, Осман империясынан қалған Топқапы сарай мұражайы және тағы басқа да тарихи жерлерді көріп қайтты.



Өнер, мәдениет және спорт институтының 2-курс магистранттары 2018 Стамбул қаласының Мармара университетінің оқу тәжіребесімен танысуға мүмкіндік тудырғаны, сондай-ақ оқу-тәжірибелік сапарды ұйымдастарғаны үшін университет әкімшілігіне және өнертану докторы, профессор Оңал Әбішева ханымға шын жүректен ризашылықтарын білдірді.

